

ӘОЖ 070:17-575; МҒТАР 19.21.11
<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.08>**Б. КАРИМОВА**¹, **Н. ҚУАНТАЙҰЛЫ**², **Б. ТӨЛЕПБЕРГЕН**³¹*PhD, I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті
(Қазақстан, Талдықорған қ.), e-mail: sultan-3@mail.ru*²*филология ғылымдарының кандидаты
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: kuantaily@mail.ru*³*философия ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: tolepbergen74@mail.ru*

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақала қазіргі заманғы көркем мәтін жазудағы ерекшеліктерді тануға бағытталған. Бүгінгі көркем мәтін лингвистикасындағы талдаулар тілдік тұлғаның мәдени-әлеуметтік және ұлттық аспектідегі көрінісімен байланысты қарастырылады. Соңғы жылдары филология бағытында гендерлік зерттеулер ретінде қарастырылып отырған көркем шығармадағы ерлер мен әйелдер тілі, олардың тілдік-мәдени қолданыс ерекшеліктеріне назар аудару мәселелеріне қатысты зерттеулер қатары артуда. Дегенмен, «гендер» ұғымын тек әйел мен еркек тіліне қатысты жалаң ұғым ретінде ғана қарастырмай, көркем мәтіндегі гендерлік бейненің қолданысын, тілдік қызметтерін, мәдени-стереотиптік мәнін танымдық жағынан қарастыру өзекті болып отыр.

Мақаланың басты мақсаты – автордың қазіргі көркем мәтінді берудегі танымдық болмысын, гендерлік бейненің лингво-мәдени қолданысын көрсету.

Басты нысан ретінде қазіргі көркем прозадағы авторлардың бірнеше әңгіме мәтіндері алынып отыр. Көркем мәтіннің гендерлік аспектідегі тілдік-мәдени ерекшеліктерін тану арқылы тіл мен әдебиетке ортақ кешенді теориялық материалдардың қолданысын бағамдауға болады. Көркем мәтін жазуда қазақ тіліндегі көркемдеуіш құралдарды пайдалана білумен қатар тіл ғылымындағы заңдылықтар мен талаптарды, көркем мәтін құрудағы стилистика заңдылықтарын айшықтай білудің маңызы зор. Көркем прозада мәтін жазылу ерекшелігіне байланысты қоғамдағы маңыздылығын да қарастырады. Демек, көркем мәтінде тілдің функциональдық типтері: сипаттау, әңгімелеу, пайымдау мәтін құрастырудың негізгі жолдары болады.

Көркем мәтінді талдаудың лингвистикалық аспектісі сөздің эстетикалық, поэтикалық қуатын сезіну, түсіну арқылы өзіндік пайымдаулар жасау тұрғысынан практикалық маңыздылығы зор. Қазіргі көркем мәтінде көтеріліп жүрген жаңа бағыттар мен ізденістердің нәтижелерін қолдану өте маңызды және заман талабы.

Кілт сөздер: көркем мәтін, гендерлік аспект, гендерлік лексика, мәдени-тілдік ерекшеліктер, әңгіме жанры, таным, проза, әйел, еркек, гендерлік бейне.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Каримова Б., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. Көркем мәтіннің гендерлік ерекшеліктері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 89–100. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.08>

***Cite us correctly:**

Каримова В., Quantauly N., Tolepbergen B. Korkem matinnin genderlik erekshelikleri [Gender Features of a Literary Text] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – В. 89–100. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.08>

В. Каримова¹, Н. Кuantayuly², В. Tolepbergen³

¹PhD, Zhetisu University named after I. Zhansugurov
(Kazakhstan, Taldykorgan), e-mail: sultan-3@mail.ru

²Candidate of Philological Sciences
Al-Farabi Kazakh National University

(Kazakhstan, Almaty), e-mail: kuantaily@mail.ru

³Candidate of Philosophical Sciences,
Senior Lecturer of Al-Farabi Kazakh National University
(Kazakhstan, Almaty), e-mail: tolepbergen74@mail.ru

Gender Features of a Literary Text

Abstract. The article sets the task of the features of writing a modern literary text. Analyzes in the linguistics of contemporary literary texts are explored in connection with deep linguistic personalities in cultural, social and discovery aspects. In recent years, the number of studies that are associated with paying special attention to the characteristics of male and female languages and their linguocultural representation in works of art has increased, which are considered as priority research in the field of philosophy. However, it is important to choose the meaning of the gender image in a literary text from a cognitive point of view.

The main purpose of the article is to show the cognitive nature of the author in the presented literary text, the linguoculturological use of the gender image. Several authors of modern fiction are used as an object. Having recognized the linguoculturological features of a literary text in the gender aspect, it is possible to evaluate the use of complex theoretical material common to language and literature. In addition to being able to use artistic tools in the Kazakh language in writing an artistic text, it is very important to be able to clarify the rules and requirements of language science, the rules of stylistics in creating an artistic text. In journalism, the relevance of the text in society is also considered due to the peculiarities of its writing. Therefore, the functional types of language in the literary text: description, narration, reasoning can be the main ways of composing the text.

The linguistic side of the analysis of a literary text is of great practical importance in terms of feeling the aesthetic and poetic power of the word, making the possibility of judgments through understanding. Using the results of new trends and research emerging in modern journalism when analyzing text is very important and a requirement of the time.

Keywords: artistic text, gender aspect, gender vocabulary, cultural and linguistic features, story genre, cognition, prose, female, male, gender image.

Б. Каримова¹, Н. Куантайулы², Б. Тoleпберген³

¹PhD, Жетысуский университет имени И. Жансугурова
(Казахстан, г. Талдыкурган), e-mail: sultan-3@mail.ru

²кандидат филологических наук
Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: kuantaily@mail.ru

³кандидат философских наук, старший преподаватель
Казахского национального университета имени аль-Фараби
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: tolepbergen74@mail.ru

Гендерные особенности художественного текста

Аннотация. Статья направлена на признание особенностей написания современного художественного текста. Анализ в современной лингвистике художественного текста рассматривается в связи с проявлением языковой личности в культурно-социальном и

национальном аспектах. В последние годы в филологическом направлении растет количество гендерных исследований, касающихся вопросов мужского и женского языка в рассматриваемом художественном произведении, акцентирования внимания на особенностях их лингвокультурологического использования. Однако, становится актуальным когнитивно рассматривать использование, языковые функции, культурно-стереотипное значение гендерного образа в художественном тексте, а не рассматривать понятие «гендер» как понятие, относящееся только к языку женщин и мужчин.

Основная цель статьи – показать познавательную природу автора в представленном художественном тексте и лингвокультурологическое использование гендерного образа. В качестве основного объекта исследования взяты несколько текстов авторов современной художественной прозы. Распознавая лингвокультурологические особенности художественного текста в гендерном аспекте, можно оценить использование комплексного теоретического материала, общего для языка и литературы. Помимо умения использовать художественные средства казахского языка при написании художественного текста, немаловажное значение имеет знание закономерностей и требований языковой науки, законов стилистики в создании художественного текста. В художественной прозе важность текста в обществе также учитывается благодаря особенностям его написания. Поэтому функциональные типы языка в художественном тексте, такие как описание, повествование и рассуждение, могут быть основными способами составления текста.

Лингвистический аспект анализа художественного текста имеет большое практическое значение с точки зрения ощущения эстетической и поэтической силы слова, а также выражения собственных суждений через понимание. Использование результатов новых направлений и исследований, возникающих в современной журналистике, является важным требованием времени.

Ключевые слова: художественный текст, гендерный аспект, гендерная лексика, культурно-лингвистические особенности, жанр рассказа, познание, проза, женский, мужской, гендерный образ.

Кіріспе

Оқырманға мәтіннің түрлері тек тіл арқылы танылады. Демек, мәтінді лингвистикалық тұрғыдан талдау тілдің құдіретін түсіне білуге, сол тілді дамытатын, тіл мәдениетін дәріптейтін алғашқы бұлақ болмақ. Сонымен қатар, көркем мәтіндер өнердің бір түрі ретінде бағаланып, оқырманның сана-сезіміне, дүниетанымына әсер етеді.

Зерттеулерде көркем мәтін тілден тыс жағдаяттардың күрделі белгісі ретінде оның коммуникация бірлігі ретінде қызмет ететіндігі жиі айтылады, сондықтан да оны семантикалық, синтаксистік және прагматикалық сипаттамаларының вербалды жиынтығында терең зерттелуі қажет [1, 48-б.]. Көркем әдебиеттегі лингвистикалық талдау тіл мен әдебиетке, журналистикаға ортақ нысан ретінде қарастыру уақыт талабынан туындағын мәселе.

Қазіргі көркем мәтіндер туралы сөз қозғағанда, біз ең алдымен журналистикадағы талап пен талғам тұрғысынан қазақ тіліндегі мәтіндердегі бейнелі сипаттау мен баяндау түріндегі мәтіндердің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталамыз. Қазіргі көркем мәтіндерде адам мен қоғам бейнесін сәтті беру арқылы жастарды, болашақ ұрпақты дұрыс жолға салуға мән беріледі. Яғни, қоғамды тәрбиелеуге ерекше сипаттағы көріністер бейнеленеді. Жеке адам мен қоғам бейнесін беруде тілдік бірліктер қатары гендерлік ерекшеліктер арқылы көрініс табады.

Тілдегі гендерлік мәселелер ұзақ уақыт бойы антропология мен этнографияда лингвистикалық мәселелер ретінде ертеден қарастырылып келе жатқаны анық. Алайда

бүгінде көптеген зерттеулер қатары дербес бағытта қалыптасып, гендерлік зерттеулер жыныстар арасындағы қарым-қатынас мәселесін терең зерттеуге итермеледі.

«Гендерлік лексика» – 1980 жылдардан кейін дамыған тіл білімінің саласы. «Гендерлік сөздік» ерлер мен әйелдер тілінің табиғатын түсінуге, тілдік ерекшеліктерді анықтауға, гендерлік лингвистикалық мінез-құлықтың когнитивтік аспектілеріне назар аударуға бағытталған. Нақтырақ айтқанда, «гендер» ұғымын тек әйелдер мен еркектерге қатысты ұғым ретінде ғана қарастырмай, олардың коммуникациядағы ерекшеліктерін, көркем мәтіндегі мәдени-стереотиптік қолданыстары мен образдар арқылы әлемнің тілдік бейнесін сипаттайтын танымдық қырларын қарастыру ерекше маңызды.

Зерттеу әдістері

Мәтін түрлерін лингвистикалық талдау қалыптасқан әдіснамаға сүйенеді. Қазіргі көркем мәтінді гендерлік талдауда мәтіннің лингвомәдени ерекшеліктерін тану филологиялық талдау әдіснамасына негізделеді. Зерттеу тақырыбына орай кешенді (сауалнама) және салыстырмалы талдау әдістері қолданылып, сараланды.

Бүгінде шығарма авторының мұрасын дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесі тұрғысынан зерттеу айрықша қолға алынуда. Көркем және публицистикалық мәтіндердегі гендерлік ерекшеліктерді жариялау кезінде қоғамдағы ерлер мен әйелдерге деген көзқарасты айқындайтын мәдени-әлеуметтік факторларды түрлі образдар арқылы, мінез-құлық белгілері мен негізгі стереотиптік сипаттамалары талдау, сараптау, түйіндеу арқылы көрсетілді.

Талдау мен нәтижелер

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттеу нысаны жаңаша бір бетбұрыс, тың бағыттарды қарастырып келе жатқаны байқалады. Бұл қатарға гендерлік зерттеулерді жатқызуға болады.

Көркем әдебиеттегі дүниенің гендерлік бейнесін тану шағын әңгіме жанрының өзінде уақыт пен кеңістік жағдайында мазмұндық, түрлілік ізденістерге бет бұрғандығынан байқалады. Әрі адам мен қоғам, адам болмысының, өмірдің мәнін философиялық тұрғыда түсінетін кейіпкерлердің болуымен дараланады. Әсіресе, жазушы танымы арқылы оның «көркемдік әлемін» бейнелейтін тілдік қолданыстарды «тілдік тұлға» теориясы негізінде талдау қазіргі тіл біліміндегі антропоэзеттік парадигма аясындағы мәселелердің бірі ретінде танылып отыр. «Тілдік тұлға» категориясының пайда болуы жалпы «тұлға» ұғымының жаңа мазмұнмен толығына мүмкіндік жасап, тілді зерттеудің құрылымдық-функционалдық аспектісінен шығып, жеке тұлғаның ой-санасы, дүниетанымдық көзқарасы, рухани-мәдени болмысы, шығармашылық қызметі нысанға алынатын антропологиялық тіл білімінің қалыптасуына негіз болды.

Тілді оны тұтынушы тұлғамен байланыста зерттеу әлемдік тіл білімінде сөйлеу мен тілдің, жеке адам мен ұжым тілінің арақатынасы, тілдің әлеуметтік сипаты тәрізді мәселелерді талдаған В. Гумбольд, А.А. Потенбня, И.А. Бодуэн де Куртэне, Фердинанд де Соссюр еңбектерінде айтылып, орныға бастады. Сонымен, «тілдік тұлға» категориясын антропоэзеттік бағыттағы іргелі ұғымдардың бірі ретінде тану, автордың сөз саптамындағы тілдік бейнесіне талдау жасау.

Шығарма авторының даралығы шығарманың тілінен, көркем мәтінді беру ерекшеліктерінен көрінеді. Мәселен, әйел жазушылардың көркем мәтінді берудегі табиғаты әйелдердің нәзіктілігі мен психологизм, эмоцияға толы көңіл-күйлерімен тікелей байланысты болатыны сөзсіз. Осы ретте әйел жазушылар мәтіндері тіліндегі бірнеше ерекшеліктерді атап өткен орынды. Онда:

- Кітаби тілді жиі пайдаланады;
- Клише мен эвфемизмдер көрініс береді;
- Эмоция мен сезім айрықша байқалады;

– Экспрессивтік- бағалауыштық сөздердің қолданысы басымдылық танытады.

Бүгінгі әңгіме жанрының сюжеттік ерекшелігі де түрленіп, оқиғаның хронологиялық бірізділігіне бағынбайтындығын байқатады. Осындай түрлілікті тануда қазақ әдебиетіндегі кейінгі буын Н. Ораз, А. Алтай, Ә. Асқаров, А. Мантаева, Т. Ахметжан, Б. Қанатбаев, т.б. сынды жазушы әңгімелеріне терең үңіліп байқасақ, әңгіменің сюжетіндегі оқиғаның берілуі, образды өзгеше ұсыну, оқиғаны күтпеген жерден аяқтап тастау, тіпті кейде оқиғаның шешімін оқырман еншісіне қалдыратын тұстары назар аудартады. Осы орайда бірнеше шығармаларға нақтырақ тоқтала кетсек.

Қазіргі көркем проза өкілі Нұрғали Ораздың әңгімелерінен бүгінгі замандастарымыздың ой-толғанысы, арман-мұраты, тіршілік-тынысын берудегі көркем тіл, айшықты бояуларды байқаймыз. Қай кезеңде болмасын өз құндылығын жоймайтын, мәдени-танымдық мәні бар әйел-ана, ананың жылуы мен мейірімі тақырыптары автор шығармаларына өзек болған. Солардың бірі – автордың «Қоңыр шәлі» деп аталатын әңгімесі. Көркем мәтінде: *«Ақша қарды күреп салған жалғыз аяқ жолмен дедектеп жүгіріп үйіне келді. Сандықтағы киім-кешектерді қайтадан ақтарыстырып, қоңыр шәліні қолына алды. Түбіт шәлі тағы да алақанына жұп-жұмсақ тиді. Бетіне басып, құшырлана иіскеп көрді. Апасының иісі шығатын сияқты...»* - деп шығарманың идеялық мазмұнын аша түседі (2, 203-б.). Шығарманың атауынан-ақ байқалатын ұлт дүниетанымында мәдени мәні, қазақ әйелі концептісінде символдық сипаты мол «шәлі» ұғымы арқылы «баланың анаға деген махаббаты» айқын көрінеді. Автор шығармасының атауына арқау болған «Қоңыр шәлі» оқиғаның негізгі өзегі бола білді. «Шәлі» – қазақтың ұлттық киімдері ішінде семантикалық қолданысы жағынан жоғары ұғым ретінде танылады.

Әңгіме жанрының шебері Асқар Алтай шығармалары да қаламгердің дүние мен болмысты танып көркемдеуі, ойлы ой өрнегі мен түйінді байламдары арқылы оқырманын баурап алады. Кейіпкерлерінің де өзіндік әлемі бар. Сондай шығармаларының бірі – «Түсік» деп аталатын әңгімесінде ер кейіпкердің ішкі-сыртқы жандүниесінің сырын ашуда керемет шеберлік байқалады.

«Түлен түртті пендені...»

Түсінде түсік көрді. Түсік – түсік емес, түсікке айналған мұның өзі. Бармақтай ғана жан иесі екен. Ештеңемен ісі жоқ. Жөнімен жүзіп жүр.

Жүзіп жүрген мекені – жатыр. Биттің қабығындай жұқа жатыр іші – жұмбақ әлем. Жұқа жарғақ жарылып кетердей толқып-толқып қояды. Жұмсақ құрсақ баяғы балалық шағында шаңырақта үрлеулі тұрған қарындай шайқала толқығанда, көгілдір әлемде балықтай жүзген бұл бесіктей тербеледі. Бірақ тұншықпайды. Емін-еркін тыныстайды» [3, 2-б.]

Бұдан әрі әңгіменің өрбуі басты кейіпкердің сана-сезіміндегі алғаш ойлаған ойларының реттілікпен берілуімен жалғасады.

Кейіпкердің мұндай жағдайға қалай тап болғандығы жайында әңгіменің екінші бөлігінде баяндалады. *«Пендеге тән тұлкі бұлаң тірлік кешкені рас. Түсікке айналмай тұрып жалғанды жалпағынан басты зой, шіркін! Шіркіннің шылауына кім ілінбеді, шаңына кім ілесе алды.*

...Жігітшілік жолында жұмақ кешті. ...Жұрт әсел жағынан жүрмейтін, оң жағынан күңкілдейтін күйге жетті. Оның соңы – Биболдың Балкенжесей жас қызға «бүлдіргі» салғаны.

«Бүлінгеннен бүлдіргі алма» дегендей, Балкенжесей бойына бітіп қалған шарана туралы естігенде Бибол «бүлдіргі» деп бұрқанған. Бір «бүлдіргі» аз саған дегендей, Санабике Биболдың әйелі құрсағы да құр қалмапты. Үш бала аздай тағы бір «топалаң» түсіпті. Енді бұл екі оттың ортасында қалды», - деп баяндай түскен автор өң мен түсінің арасындағы уақытта былайша суреттейді:

«Өң мен түс астасып кетті. Ақыры бірін болмаса бірін түсіртіп тастауға бел байлайды. Түсікті көзі көрмесе де, керең болғыр құлағы естіп, көңілі нілдей бұзылған» [3, 4-б.]

Жазушы Асқар Алтайдың бұл әңгімесі арқылы бүгінгі қоғамда болып жатқан оқиғалар, әке мен бала арасындағы қарым-қатынас көрсетілген. Әңгіме соңында кейіпкер өз дауысынан өзі шошып, түлен түртіп оянғанын түсінуімен аяқталады.

Шығарма оқырманы өзі түсінсін, ой түйсін деген негізгі ойы арқылы былайша аяқталады: *Тәңірім бірақ түсік емес, тастандыдан сақтасын! Әйтеуір, тастанды емес – түсік... Оған да тәуба! Айы-күні жетіп туған тастанды болса қайтер еді?! Таба емес – тоба. Ай астында айдай болып туар ма еді?! Күн астында күндей болып туар ма еді? Әлде, өліарада өліміші болып кетер ме еді?! Тіріжетім тастанды болудан тәңірім қақсын! Тастанды – қанадан асқанды... Таба емес – тоба. Тастанды емес – түсік [3,12-б.].*

Жоғарыда атап өткендей, гендерлік ерекшелікті әйел мен еркек тілінің көркем мәтіндегі мәдени-стереотиптік қолданыстары мен образдар арқылы әлемнің тілдік бейнесін сипаттайтын танымдық қырлары арқылы да бағамдауға болады. Мәселен, Әлібек Асқаров шығармашылығындағы «Буафория» атты әңгімесіне үңілсек:

–Ағай-ай, қайтейін, кешіріңіз, – деді жанары боталап, елжіреген бүлдірген ерні өкпелегендей бұртия қалды. – Мен ағылшынша білмеуші едім.

–Жо-жоқ, керемет жақсы сөйледің, бәрі риза болды, рақмет! –деп Исағали қыздың сөзіне келіспегендік танытты.

–Мен ағылшынша білмеймін, ағай... Білген болсам ол кісіге жауап қайтарар едім. Біз басты экспозициялар, негізгі экспонаттар туралы ағылшын тілінде жаттап аламыз. Жаңа да сол жаттағанымды ғана айтып шықтым.

Мұны естіген Исағали сенерін де сенбесін де білмей сілейіп тұрып қалды. ...

–Буафория! – деді Исағали басқадай ұрымтал сөз ауызына түспей, басын шайқап. Осы біздің көп шаруамыз буафория болып бара ма қалай өзі?...Бәрі де көзбояу.. жалған...[4, 162-б.].

Бұл шығармада да автор оқырманына ой сала отырып, өзі түйін жасасын деген ниетпен бүгінгі қоғамның бейнесін екеуара диалог арқылы көрсете отырып, негізгі кейіпкердің ойы арқылы аяқтайды.

Әлібек Асқаров шығармашылығының енді бір даралығы – шағын әңгіме жанрының сюжеттік желісі «Задаш пен Балғаным», «Мона Лиза», «Тұрбағыл мен Мағиза», т.б. «Әйел-ана» концептілік құрылымдары аясында ашыла түседі.

Эмоцияның түрлері ұялу, қуану түрі болып келсе, эмоционалдылықтың өзі ерлер мен әйелдердің арасында әр түрлі болатыны белгілі. Мақаланың жоғары жағында атап өткеніміздей, әйел жазушылар тілінің өзіндік ерекшеліктері әйелдің нәзік табиғатымен, эмоционалдылығымен астасып жататыны көп жағдайда шығармалардан байқалады.

Заманауи әйелдер прозалық шығармаларында шығарманың идеясы мен мазмұны, берілу жағынан тың бастамалармен көрінеді. Осы тұста Аягүл Мантаеваның әңгімелерімен танысқанда автордан табиғатынан көркемдікті, шынайылықты танимыз. Жазушы әңгімелері арқылы оның тіліне, кейіпкерлерінің әрқилы мінезіне, шынайы оқиға желісіне тәнті боласың. Автордың «жазушы өзі білетін тақырыпта жазуға тиіс» деген қағидасы да бар. Жазушы кейіпкерлерінің көбі – жалғызбасты әйелдер. Олардың ішкі жандүниесі ерекше суреттеледі.

Автордың «Муза» атты әңгімесінде: *«Жас қыздың әдемі көздері мұңға толы. Күлімдеген сәттерінде де көзіндегі мұң сейілген емес. Оны арман да, үміт те алға жетелемейді. Ештеңеге өкінбейді. Күлмейді, жыламайды. Күлсе – жанарындағы мұңын жасыра алмайды. Жыласа – көзінен бір тамшы да жас шықпайды. Болашағын көз алдына елестеткісі келмейді. Ешкімді қызғанбайды, күндемейді. Ешкімді сағынбайды, күтпейді» -*

деп кейіпкерінің көңіл құлазуын осылайша жеткізеді [5, 54-б.] Әйел жазушы стиліне тән эмоцияны жеткізуі оқырманын тебірентеді.

Кез келген жазушы айтар ойын оқырманға шығармасы арқылы, кейіпкерлері арқылы білдіреді. Кейіпкер образы арқылы жазушының шеберлігін танимыз. Әр жазушы кейіпкерінің көңіл-күйін, жандүниесін, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, психологиясын өзінше береді. Осындай көркемдік тәсілдердің бірі – шығармадағы пейзаж. Дегенмен, шығармада пейзажды әр жазушы өзінше береді. Тіпті кейбір шығармада пейзаждар жоқтың қасы болса, кейбір шығармаларда тым көп кездеседі. Бұл да автордың жазу ерекшелігіне байланысты.

Ғылыми зерттеу еңбектерінде әйелдер бейнесін гендерлік стереотиптер тұрғысынан қарастыруда жалпы гендерлік стереотиптер мәдениеттің жемісі ретінде әйел мен еркектің психологиялық және мінез-құлық сипатына қатысты адамдар санасында қалыптасқан норматив үлгілер ретінде танылатындығын, адамдарды жынысына қарай жіктеу құралы екендігі, әйел мен еркектің мінез-құлқына қатысты бағдар беретіндігін атап өтеді [6, 248-б.].

Әйелдерге тән гендерлік стереотиптерге: сезімталдық, мейірімділік, қамқор болу, эмоциясы басым, төзімді, отбасының ұйытқысы, т.б. жатқызылады. Әйел жазушыларға тән жазу стиліне гендерлік стереотиптердің ықпалы болуы заңды құбылыс. Ғылыми зерттеулерде ер адамдардың жазу машығына қарағанда әйел адамдардың жазуында, нақтырақ айтқанда, әйел қаламынан туған көркем шығармаларда айтарлықтай айырмашылықтар байқалатындығы туралы айтылып жүр. Бұл турасындағы тұжырымдарда әйел қаламгерлердің шығармашылығында, әсіресе баяндау жүйесінде ерекшеліктердің болатындығы, мағыналық белгісіздік, баяндау жүйесіндегі толымсыз сөйлемдер қолданысы, өзіндік ритмика мен өзгеше лексика сынды белгілер кездесетіндігі көрсетеледі [7, 140-б.].

Әйел автор мәтіндерінің грамматикалық қолданысы төмендегі белгілері арқылы ер автор мәтіндерінен ерекшеленіп көрінеді:

1. Етістіктер қолданысының ерекшелігі;
2. Сөйлемдердің ұзақтығы;
3. Құрмалас сөйлемдерді үйлестіріп қолдану;
4. Эмоционалдық күй: сұраулы, лепті сөйлемдердің берілуі.

Әйел жазушыларға тән жеке жазу ерекшелігін қарастыру да маңызды гендерлік мәселелердің бірі екені белгілі. Қазақ әдебиетінде жазушы ретінде биік белестерді бағындырған әйел жазушылар қатары саусақпен санарлық. Қазақтың әйел жазушылары оқырманның есіне көбінесе ұлы тұлғалар туралы жазылған естеліктерімен қалады. Дегенмен, бүгінде өзіндік ізденістерге барып, проза саласында керемет туындылары арқылы танылып келе жатқан әйел жазушылар қатары баршылық. Олар қарымды шығармалармен танылып келеді.

Ал көркем әдебиетте ер авторлар тілінің да әйел авторларға қарағанда өзіндік артықшылықтары байқалатыны туралы да зерттеулерде айтылып жүр. Үнемі байқайтынымыздай, көркем шығармада бас кейіпкерлер үнемі ер адамдардың болатыны, әрі ерлер әйелдерге қарағанда жағымды бейнеде танылып отырады. Ер авторлар қоғамның әйелдерге деген көзқарасын өзгеше ұсынады. Ер автор шығармалары мәтінінің өзіндік белгілері төмендегідей болып келеді:

1. Эмоциялар мен сезімдерді білдірудің біркелкі тәсілдері қолданылады;
2. Нақтылық басым көрінеді;
3. Сөздік құрамы жағынан, стильдік жағынан бейтарап қолданыс байқалады;
4. Стильдік бояуы бар архаизмдер, сленгтер, окказионализмдер жиі орын алады.

Зерттеу еңбектерде ағылшын тіліндегі шығармалардың көпшілігінде ер адамның қасиеттеріне қатысты «дана, адал, қабілетті, т.б.», әйел адамдарға қатысты «сүйкімді, дөрекі» сын есімдері жиі қолданыста болатындығы айтылады [8, 97-б.].

Ер-автор мәтіндерінің де грамматикалық қолданысына төмендегі белгілері жатқызылады:

1. Дерексіз зат есімдердің көп кездесуі;
2. Етістіктердің актив қолданысы;
3. Әйел мәтіндеріне қарағанда эмоционалдық бояудың аздығы;
4. Әйел мәтіндеріне қарағанда сөйлемдер көлемінің қысқалығы.

Осындай ер мен әйел жазушы мәтіндеріндегі тілдік ерекшеліктерді ескере отырып, оқырманның бүгінгі прозалық шығармалармен қаншалықты таныс екендіктерін, шығармаға ойтүйіндер жасай алуын бағамдау мақсатымен сауалнама жүргізілді.

Зерттеу мақаламыздың барысында оқырмандардан (30 студент) бірнеше сауалнама сұрақтарына жауап алынды. Ұсынылған сауалнама сұрақтарының дені төмендегідей болды:

1. Көркем әдебиетті қаншалықты жиі оқисыз, әрі шығарманы қандай форматта (электронды) оқыған қолайлы?
2. Бүгінгі қазақ жазушыларынан кімдерді атар едіңіз?
3. Қазақ әйел ақын-жазушыларын білесіз бе? Әйел жазушылардың шығармалары тілі, берілу ерекшеліктері арқылы даралана ма?

Жүргізілген сауалнама нәтижесі төмендегідей болды:

1-сауал бойынша: Көркем әдебиетті жиі оқитын оқырмандар саны сауалнамаға жауап берушілердің 70%-ын құраса, көпшілік жастар шығарманы электронды форматта оқитындықтарын айтып, оның қолжетімділігі мен тиімділігін атап өтті.

2-сауал бойынша: Бүгінгі қазақ жазушыларының шығармаларымен таныс оқырмандар саны жауап берушілердің 20%-ын құрады. Көпшілік жастар бүгінгі қазақ жазушыларының шығармаларымен таныс болмағандықтары, басым көпшілігі тек белең алып отырған мотивациялық кітаптармен ғана шектелетіндіктерін байқауға болады.

3-сауал бойынша: Қазақ әйел ақын-жазушыларының қатарына қазақ әдебиетінде есімі танымал бірнеше авторлар (Ф. Оңғарсынова, Р. Мұқанова, т.б.) ғана аталды.

Алынған сауалнама нәтижесінде бүгінгі көзіқарақты оқырманның, оның ішінде әсіресе жастардың қазіргі прозалық шығармаларға деген қызығушылығының аздығын байқауға болады.

Ғылымдағы гендерлік көзқарас ерлер мен әйелдердің арасында биологиялық айырмашылықтардан тұрмайды, тек оған беретін мәдени және әлеуметтік мәнінен тұрады деген түсінік басым.

Гендер ұғымын әлеуметтік-лингвистикалық, психоллингвистикалық және тілдік-мәдени тұрғыдан нысан ететін тіл білімінің бағыттары пайда бола бастады. XX ғасырдың 80-жылдарының аяғында тіл білімінде ер адамдар туралы зерттеу жүргізілді. Зерттеушілердің еңбегінде ерлердің гендерлік-тілдік ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Соңғы жылдары тіпті ғалымдардың еңбектерінде: «Ер адамдарға қатысты маскулиндік зерттеулер бой көрсетті. Олар қоғамда қалыптасқан ер адамдық нормалар мен талаптарды ажыратып, белгілі бір мәдениет аясында ерге тән тілдік белгілердің ерекшеліктерін анықтап, ер жынысының әлеуметтік құрылымдануын көздеді» - делінген [9, 163-б.].

Бүгінгі таңда Б.Хасановтың қазақ тіл біліміндегі гендерлік сипаттамалар туралы зерттеулеріне зер салсақ, ғалым былай дейді: «Гендерлік сипаттама ерте заманнан бері көрініс тапқан. Алла адамды жаратқанда оған гендерлік сипат берді. Адам ата мен Хауа ана ұғымы адамзат жаралған уақыттан бері еркек пен әйел ұғымымен бірге пайда болған дейміз. Кейін осы «биологиялық» жыныс негізінде «әлеуметтік» гендер ұғымы пайда болып, сексология (әлеуметтік сексология) ғылымы қалыптасты» [10, 13-б.].

Антропология бағытындағы зерттеулердің қатарында лингвистикалық мәселелерді гендерлік лексика аясында зерттеу ғалымдар Г. Мамаева, Қ. Жанатаев, Ғ. Шоқым, Е. Мешімовтердің зерттеу еңбектерімен толықтырылған. Көркем мәтіндердегі ерлер мен

әйелдердің психолінгвистикалық ерекшеліктерін көрсету әлі де лингвистикалық тұрғыдан толық зерттеліп келеді. Гендерлік лингвистиканы зерттеген ғалым Г. Шоқым әйел тілінің ерекше қасиетін танып, әр ұлттың әйелінің өз тілі бар екенін атап көрсетеді. Бім тілі, әсіресе қазақ әйелдеріне тән сөйлеу тілі тек әйелдерде ғана кездесетін ерінге ерекше мән береді. Әсіресе әйелдерде ғана болатын ерін шығару (кеміткенде), бетін шымшу (ұятсыз әрекетте), аузын шылп еткізу (таңданғанда), аузын бырпылдату (кекеткенде) кездесетінін атап көрсеткен болатын [11, 23-б.].

Ерлер мен әйелдердің дүниетанымының объективтілігі (әлемге гендерлік көзқарасы) жазбаша және ауызша сөйлеуде, сонымен қатар әңгімелерде анық көрінеді. Әйел бейнесінің көркемдік әлемінің қабаттары мен көптеген құпиялар бар. Мысалы, «жібектей үлпілдек ақ мамықтай», «ақ мамықтай қыз», «жүзі аппақ», «піскен алмадай», «қызыл алмадай тәтті», «әйелдің жүрегі судан таза, сүттен ақ» деген ұқсастыру, гендерлік салыстыру – әйелге тән сұлулық, нәзіктік, жұмсақтық, жайдарылық қасиеттерін ашады. Әдебиеттегі гендерлік мәселелер феминистік зерттеулерде де ерекше көрініс беруде. Осы тұрғыда американдық әдебиет сыншысы Элейн Шоуалтер феминизм тарихын кезеңдерге бөліп зерттеген [12, 246-б.].

Маскулиндік түсінік туралы, әйел мен еркектердің кейіпкерлерді суреттеу, бейнелеу зерттеу еңбектердің де нысаны болған [13, 240-б]. Ал ағылшын тіліндегі балалар кітаптарында ер кейіпкерлер әйелдерден екі есе көп бейнеленеді деген деректерде кездеседі [14, 26-б.]. Мұндай құбылыстарды қазақ әдебиетінен де байқауға болады. Бұл әрине ерекше зерттеуді қажет етеді.

Бүгінгі қазақ прозасындағы әңгіме жанрының көпшілігінде кейіпкерлердің көңіл-күйі, жандүниесінің құбылыс сәттері табиғатты қатарластыра суреттеу арқылы беріліп, психологизмді терең жеткізеді. Пейзаж теңеу, метафора, салыстырулар арқылы беріліп, кейіпкердің тағдырында болып жатқан оқиғалармен қабысып, тұтас көркемдеуіш құралға айналады. Осы тұжырымдарды мысалдар арқылы келтіре кетсек.

Асқар Алтайдың «Прописка» әңгімесі мынадай пейзаждық суреттемемен басталады: *«Күн ұзарған, түн қысқарған көкектің кәрі қыздай қылтың-сылтың басы. Өскеменнен түсте шыққан автобус Ұлан арқылы Самарға тікелей асып, Ертіс түсіп, Күршімнен бір-ақ шығуға бел байлаған. Көкек келсе де наурыз жылымығының қайырма қызыл шұнағы қала ішін дірдек қақтырып, Ұлан асуына қарай созылған ұзақ жол беті сиыр жалағандай. Жып-жылмағай көк мұз»* [3, 35-б.]. Автордың пейзаждық суреттеуі арқылы берілген «кәрі қыздай қылтың-сылтың басы» деп мәтіннің басталуының өзі оқырманды оқиғаға жетелейді. Табиғаттың құбылуын «құбылмалы кәрі қыздың мінезіне» теңеуінің өзі керемет. Табиғат пен адам мінезі астасып жатыр. Әрі кейіпкерінің көңіл-күйі, жандүниесі табиғатпен астасып жатыр. Тілдік қолданыста «кәрі қыз» тіркесімділігінің жағымсыз семантикалық мән үстейтіні де белгілі.

Табиғат суреттемелерін беру арқылы кейіпкерінің күйін таныту Аягүл Мантаеваның шығармаларында да жиі ұшырасады. *«Қоңыр күздің самалы бетімді еркелете өбеді. Жел ұшырған сарықызыл жапырақтар сыбдырлап ән салады. Осы мезгілде жан құрбым дүние салып, көңілімді мұң шалған. Күз басталса, жаным жабырқап, жан досымды іздеймін. Құлазыған көңілім біреуден жұбаныш күтеді. Неге екенін білмеймін, бәрібір күзді сүйемін»* [5, 78-б.].

Болат Қанатбаевтың «Ескі жұрт» атты әңгімесінің соңы да мынадай терең психологизмге толы пейзаждық көрініспен аяқталады.

«Қара күз. Аспан қара сұр. Теңіз үстінен ертеңді-кеш қара қошқыл шуда бұлттар аласапыран үдере көшеді. Біза-шуыт, қым-қуыт боп шулаған шағалалар.

Жар басында жапырайған жалғыз үй қож-қож жастардың бауырына таскенедей жабысып тығыла түскен, мұржасынан түтін көрінбейді. Одан әрі құлазыған ескі жұрт қоңыраяды. Әлдеқайдан ит ұлыды.

Етекте көк-жасыл теңіз ықшына дөңбекшіп, мәңгілік әніне басып, бұрқырап жатыр» [15, 30-б.]

Әңгіме соңы туған жерін, жұртын қимастық сезіммен, үлкен сағынышпен тебірене суреттеуімен аяқталады. Қазақ халқы үшін жұрттың, қоныстың мәні мен маңызы өте жоғары болған. Осы арқылы туған жерге деген қимастық, сағыныш сезімдерін көрсете білген. Автор ескі жұрттың бейнесін көз алдына алып келеді, мәтінді аяқтауы да ерекше. Мұның өзі жоғарыда атап өткендей, соңғы түйін, ойқорытуын оқырманның еншісіне қалдырады. Тілдегі «жұрт», «қоныс» ұғымдары «туған жер» концептісінің аясын нақтылай түседі.

Осындай бірнеше көркем мәтін үлгілерін гендерлік аспектіде қарастыра отырып оның берілу ерекшеліктеріне тілдік талдау жасаудың қажеттілігі көрінеді. Бұл тұрғыда мәтіннің гендерлік аспектісінің антропоцентристік бағытта зерттелуі маңызды болып отыр. Антропоцентристік бағыт – тілді зерттеу парадигмаларының ең бастыларының қатарына жатқызылады. Мұнда тілді тұтастай әлемдік деңгейде қарастыру болып отыр. Ақпараттар адам танымында өңделіп, адам санасында қалыптасып, тілде көрініс табуы, дүниені түсінуіне негізделеді. Тіл арқылы көрініс беретін мәдени құндылықтар, адам дүниені қалай көреді, мәдениеттегі тілдік бейненің қызметі, ұлт тілінде сақталған халық қазынасы түрлері мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, нақыл сөздердің, т.б. көркем мәтіндегі қолданысын танудың мәні зор болмақ.

Осындай көркем мәтіндердің түрлі мысалдарын қарастыра отырып, олардың берілу ерекшеліктеріне тілдік талдау жасаудың қажеттілігі көрінеді. Әрі гендерлік лексика тіл білімі үшін аса өзекті мәселелердің қатарына жатады. Бұл тұрғыда мәтін жанрын антропоцентристік бағытта қарастыру маңызды. Антропоцентристік бағыт тілдік зерттеулердің маңызды парадигмаларының бірі болып саналады. Мұнда тіл тұтастай жаһандық деңгейде қарастырылады. Ақпарат адам танымынан туындайды, адам санасында қалыптасады, тілде көрінеді, дүниені тануға негізделеді. Тіл арқылы өрнектелетін мәдени құндылықтар, адамның дүниеге көзқарасы, тілдік бейненің мәдениеттегі рөлі, халық тілінде сақталған халық қазынасының түрлері – мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, нақыл сөздер, т.б. Оның көркем мәтінде қолданылуын тану маңызды болады.

Қорытынды

Бүгінгі жастар прозасы, көркем мәтіннің берілуіне назар салғанда ең алдымен қаламгерлердің барлығы дерлік шағын әңгіме жанрында өзінше жазуға бет бұрғандығы байқалады. Ал тақырыптық жағынан келгенде, дәстүрлі тақырыптар жалғастық тауып жататын тұстары да, сондай-ақ мистикалық, эротикалық элементтердің де қамтылып жүргенін байқауға болды.

Заманауи әйелдер бейнесін беруді өткенмен салыстыра қарасақ, классикалық туындылардағы керемет әйелдер бейнесін бүгінгі жас прозашылардың шығармаларынан табу мен салыстыру қиынға соғады. Сонымен қатар бүгінгі көркем мәтінде әйелдер бейнесі тек бір қырынан ғана суреттелетін тұстары басым. Мүмкін бұл бүгінгі проза авторларының баяндау мен кейіпкер бейнесін берудегі ерекшелігі де болар.

Еркек пен әйелдің әлеуметтік қызметтері тілдік жүйенің барлық деңгейлерінде әлемнің тілдік бейнесін танытады. Көркем мәтіндегі гендерлік тілдесімнің лингвомәдени аспектісін қарастыру нәтижесінде лингвомәдениеттану тұлғаны тілде зерттеу мәселесін алға қояды. Ана тілінде сөйлейтін кез келген адам – мәдениеттің тасымалдаушысы, сондықтан тіл өз сөйлеушілерінің ұлттық менталитетін көрсете алады.

Мақалаға арқау ретінде алынып отырған бүгінгі қазақ жазушыларының мәтіндерінен суреткер-жазушының тілдік тұлға ретінде гендерлік ерекшеліктерді ескере отырып, кейіпкері арқылы бүгінгі қоғамның мәдени-этникалық, психологиялық, әлеуметтік, т.б. жағдайларын ашып көрсетуі анық байқалады.

Бұл ретте, мақаланы жазу барысында бүгінгі жастардың көркем әдебиетті оқуға деген құштарлықтарын бақылау мақсатында алынған зерттеу әдістері (сауалнама) арқылы жастардың көркем әдебиетті оқуға деген көзқарасы мен қызығушылығының әлі де олқы тұстарын, өзіндік пайымдау жасай алу деңгейлерінің қажеттілігін байқауға болады.

Сонымен қатар бүгінгі көркем мәтіннің гендерлік аспектісін талдауда гендерлік талдау түсінігін тек ерлер мен әйел тілінің ерекшелігін танумен ғана емес, «әлемнің гендерлік бейнесі» негізінде қарастыру ауқымдылығынан байқаймыз.

Мақаланың зерттеу нысанына алынып отырған бағыттар бойынша жарияланған пайымдаулар мен тұжырымдарды бағамдай келе, көркем мәтіндегі гендерлік мәселелер әлі де болса жан-жақты, адам-қоғам-тіл аясында қарастырылуын қажеттілік деп білеміз.

Көркем мәтіндегі гендерлік мәселелер тіл мен әдебиетте де азды-көпті болсын зерттеу нысанына алынып келеді. Бүгінгі көркем проза авторларының шығармашылық шеберханасына бойлай отырып, әлеумет шындығын оқырманы өз танымы арқылы пайымдап, әрбір оқырман өз ойлау деңгейіне сәйкес қабылдап, түсініп, қорытынды жасай алатындығымен ерекшеленеді. Жоғарыда нысан ретінде алынған бірнеше көркем шығарма мәтіндерінен, нақтырақ айтқанда, әңгімелерінен қоғамда болып жатқан өзекті мәселелерді, адамның жеке басының мүддесі мен ішкі рухани әлемі туралы көптеген ойлы түйіндеулерді гендерлік бейнелері арқылы танудың маңызы зор.

Бүгінгі көркем мәтіннің тілі – бүгінгі адамның болмысы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Әзімжанова Г. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті: фил. ғыл. док. ... дисс. – Алматы, 2007. – 265 б.
2. Ораз Н. Түнгі жалғыздық. – Алматы: Атамұра, 2018. – 256 б.
3. Алтай А. Әңгімелер. [Электронды ресурс]. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=36908> (қаралған күні 02.09.2021)
4. Асқаров Ә. Кешегі күннің хикаясы. – Алматы: Атамұра, 2018. – 200 б.
5. Мантаева А. Жаңбырлы көктем. – Алматы: Жалын, 2019. – 96 б.
6. Клецина И. Психология гендерных отношений: теория и практика. – СПб.: Алетейя, 2019. – 248 с.
7. Literary Theory / Edited by J. Rivkin, M. Ryan. – Wiley-Blackwell, 2017. – 370 p.
8. Schulz D., Bahník Š. Gender associations in the twentieth-century English-language literature // Journal of Research in Personality. – 2019. – №81. – P. 88–97.
9. Ғалимов С. Гендер және Қазақстан қоғамы. – Алматы: Deluxe printery, 2022. – 280 б.
10. Хасанов Б. Мемлекеттік тіл: әлеумет және жастар. – Алматы: Ана тілі, 2013. – 106 б.
11. Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы: Экономика, 2019. – 170 б.
12. Akhter T. Gender Inequality and Literature: A Contemporary Issue // 6th International Conference on Social and Political Sciences (ICOSAPS 2020). – Atlantis Press, 2020. – С. 593–596.
13. Xu H. et al. The Cinderella Complex: Word embeddings reveal gender stereotypes in movies and books // PloS one. – 2019. – Т. 14. – №. 11. – С. e0225385.
14. Hamilton M.C. et al. Gender stereotyping and under-representation of female characters in 200 popular children's picture books: A twenty-first century update // Sex roles. – 2006. – Т. 55. – С. 757–765.
15. Қанатбаев Б. Мезгіл әуендері. – Алматы: Жазушы, 2007. – 256 б.
16. Шоқым Г.Т. Қазақ тіл білімінің гендерлік тұғыры: Монография. – Алматы: Полиграфия Сервис и К, 2021. – 312 б.

17. Пушкарева Н.Л. Гендерные исследования: рождение, становление, методы и перспективы в системе исторических наук. В кн.: Женщина. Гендер. Культура: сб. статей. – М.: МЦГИ, 1999. – С. 15–35.
18. Кириллина А.В., Томская М.В. Лингвистические гендерные исследования // Отечественные записки. – 2015. – №2. – С. 112–132.

REFERENCES

1. Azimjanova G. Qazaq korkem proza matininin pragmatikalyq aleueti [Pragmatic potential of the Kazakh artistic prose text]: fil. gyl. dok. ... diss. – Almaty, 2007. – 265 b. [in Kazakh]
2. Oraz N. Tungı jalgyzdyq [Loneliness at night]. – Almaty: Atamura, 2018. – 256 b. [in Kazakh]
3. Altay A. Angimeler [Stories]. [Electronic resource]. URL: <https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&action=item&id=36908> (date of access 02.09.2021)
4. Asqarov A. Keshegi kunnin hikaiasy [Yesterday's story]. – Almaty: Atamura, 2018. – 200 b. [in Kazakh]
5. Mantaeva A. Janbyrly koktem [Rainy spring]. – Almaty: Jalyn, 2019. – 96 b. [in Kazakh]
6. Klecina I. Psihologia gendernyh otnosheni: teoria i praktika [Psychology of gender relations: theory and practice]. – SPb.: Aleteia, 2018. – 248 s. (in Russian).
7. Literary Theory / Edited by J. Rivkin, M. Ryan. – Wiley-Blackwell, 2017. – 370 p.
8. Schulz D., Bahník Š. Gender associations in the twentieth-century English-language literature // Journal of Research in Personality. – 2019. – №81. – P. 88–97.
9. Galimov S. Gender jane Qazaqstan qogamy [Gender and Kazakhstan society]. – Almaty: Deluxe printery, 2022. – 280 b. [in Kazakh]
10. Hasanov B. Memlekettik til: aleumet jane jastar [State language: society and youth]. – Almaty: Ana tili, 2013. – 106 b. [in Kazakh]
11. Shoqym G.T. Genderlik lingvistika negizderi [Basics of gender linguistics]. – Almaty: Ekonomika, 2019. – 170 b. [in Kazakh]
12. Akhter T. Gender Inequality and Literature: A Contemporary Issue // 6th International Conference on Social and Political Sciences (ICOSAPS 2020). – Atlantis Press, 2020. – С. 593–596.
13. Xu H. et al. The Cinderella Complex: Word embeddings reveal gender stereotypes in movies and books // PloS one. – 2019. – T. 14. – №. 11. – С. e0225385.
14. Hamilton M.C. et al. Gender stereotyping and under-representation of female characters in 200 popular children's picture books: A twenty-first century update // Sex roles. – 2006. – T. 55. – С. 757–765.
15. Qanatbaev B. Mezgil auenderi [Period tunes]. – Almaty: Jazushy, 2007. – 256 b. [in Kazakh]
16. Shoqym G.T. Qazaq til biliminin genderlik turyry [Gender basis of Kazakh language education]: Monografiya. – Almaty: Poligrafia Servis i K, 2021. – 312 b. [in Kazakh]
17. Pushkareva N.L. Gendernye issledovania: rojdenie, stanovlenie, metody i perspektivy v sisteme istoricheskikh nauk [Gender studies: birth, formation, methods and prospects in the system of historical sciences]. V kn.: Jenshina. Gender. Kultura: sb. statiei. – M.: MCGI, 1999. – S. 15–35. [in Russian].
18. Kirillina A.V., Tomskaja M.V. Lingvisticheskie gendernye issledovania [Linguistic gender studies]. – Otechestvennye zapiski. – 2015. – №2. – S. 112–132. [in Russian].